



**«Қазақстан Ұлттық Банкінің
Цифрлық даму орталығы» АҚ
Басқарма Төрағасының
2025 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 99-о бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ**

**Тапсырыс беруші мен олардың арасында бұрын жасалған сатып алу туралы
шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе шарт жасасудан
жалтарған әлеуетті жеткізушілер деректер қорын қалыптастыру мен жүргізу
ТӘРТІБІ**

№ 2 Редакция

Астана қ.

Мазмұны

- 1. Тарау. Жалпы жағдайлар3**
- 2. Тарау. Жосықсыз қатысушылардың деректер қорын қалыптастыру
және жүргізу тәртібі3**
- 3. Тәртіпке 1 Қосымша5**

1. Тарау. Жалпы жағдайлар

Осы Тапсырыс беруші мен олардың арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тапсырыс берушімен шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізушілердің деректер қорын қалыптастыру мен жүргізу Тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иелену Қағидаларына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен заңды тұлғалар (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) үлестес тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуын жүзеге асыру саласында Тапсырыс беруші мен олардың арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тапсырыс берушімен шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізушілердің (бұдан әрі - жосықсыз қатысушылар) деректер қорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Тарау. Жосықсыз қатысушылардың деректер қорын қалыптастыру және жүргізу тәртібі

2. Жосықсыз қатысушылардың деректер қорын «Қазақстан Ұлттық Банкінің Цифрлық даму орталығы» АҚ (бұдан әрі - ЦДО) электрондық түрде қалыптастырады және жүргізеді.

3. Жосықсыз қатысушылар туралы мәліметтерді ЦДО Тапсырыс берушіден ақпарат түсуіне қарай қалыптастырады.

4. Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушінің (жеткізушінің) жосықсыз болу фактісі анықталған (анықталған) күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ЦДО-на мынадай құжаттарды жібереді:

1) Тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оның орнындағы адамның немесе ол уәкілеттік берген адамның қолы қойылған әлеуетті жеткізушінің (жеткізушінің) адал еместігі фактісі туралы хат;

2) сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесі;

3) Қағидалардың 176-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда, әлеуетті жеткізушінің Тапсырыс беруші қол қойған сатып алу туралы шарттың жобасын алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) Қағидалардың 176-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда жеткізушінің сатып алу туралы шарт жасасудан бас тарту хатының көшірмесі;

5) Қағидалардың 176-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, әлеуетті жеткізушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

6) Тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның немесе әлеуетті жеткізушіге жіберілген ол уәкілеттік берген тұлғаның қолы қойылған, оны сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп тану туралы хаттың көшірмесі (бар болса);

7) Тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның немесе сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған жеткізушіге жіберілген ол уәкілеттік берген тұлғаның қолы қойылған сатып алу туралы шартты бұзу туралы хаттың көшірмесі;

8) жосықсыз қатысушылар туралы мәліметтерді ұсынуға арналған нысан (тәртіпке қосымша).

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді электрондық пошта арқылы ұсынуға жол беріледі.

Сілтеме. «Қазақстан Ұлттық Банкінің Цифрлық даму орталығы» АҚ» АҚ Басқарма Төрағасының 2025 жылғы ____ №__-о бұйрығы редакциясына - 4 тармақ.

5. ЦДО мәліметтерді Тәртіптің 4-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде толық көлемде енгізеді.

6. Жосықсыз қатысушы туралы мәліметтер деректер қорынан Қағидалардың 6-2-тармағында белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей ЦДО деректер қорынан тиісті жазбаны жою жолымен алып тасталады.

7. Көрсетілген мәліметтер барлық мүдделі тұлғалар үшін еркін қолжетімді болады. Жосықсыз қатысушылар туралы мәліметтерді тексеруді Тапсырыс беруші дербес жүзеге асырады.

8. Ақпаратты дұрыс, толық және уақтылы ұсынуға Тапсырыс беруші жауапты болады.

9. Тапсырыс беруші мәліметтерді толық көлемде ұсынбаған жағдайда, ЦДО мәліметтерді алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіні ресми не жұмыс тәртібімен хабардар етуге тиіс. Тапсырыс беруші ұсынылған мәліметтерді хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде толықтырады.

10. Тапсырыс беруші мәліметтерді ЦДО-на ұсынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған мәліметтерді деректер қорына енгізу фактісін және олардың дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

11. Тапсырыс беруші мәліметтерді толық көлемде ұсынбаған жағдайда, жосықсыз қатысушылар туралы мәліметтер деректер қорына орналастырылмайды.

Тәртіпке 1 Қосымша

Тапсырыс беруші мен олардың арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізушілер және (немесе)

олардың қосалқы мердігері (қосалқы мердігер) туралы ақпарат												
№п/п	Тапсырыс берушінің атауы (бөлімше, ұйым)	Әлеуетті жеткізушінің (қосалқы мердігердің / бірлесіп орындаушының) атауы	Әлеуетті жеткізушінің (қосалқы мердігердің / бірлесіп орындаушының) БСН,ЖСН	Сатып алудың атауы	Сатып алу қорытындысы туралы хаттаманың күні	Сатып алу шартының атауы	Сатып алу шартының күні мен нөмірі	Тапсырыс беруші мен олардың арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған факті	Тапсырыс берушімен шарт жасасудан жалтару фактісі (Қағидалардың 176 тармағының тармақшасы)	Растайтын құжаттар (күні, нөмірі)	Бұзушылықты тіркеген күні	Тізімге ақпаратты енгізген жауапты орындаушының аты-жөні, байланысы
1	2	3	4	5	6	7	8	9				

Тапсырыс берушінің басшысы _____ Фамилиясы, аты-жөнінің бас әріптері

Ескертулер:
7-ші мен 8-ші бағанда әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қосалқы мердігерінің (бірлескен орындаушысының) ол бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған немесе әлеуетті жеткізіушінің шарт жасасудан жалтарған шарттың деректемелері көрсетіледі
9-ші бағанда шартты бұзу себебі (шарт бойынша міндеттемелерді орындамау фактісінің сипаттамасы) көрсетіледі
10-ші бағанда жеткізуші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп тану себебі көрсетіледі - № 192 Сатып алу қағидаларының 176-тармағы тармақшаларының біріне сілтеме түрінде
11-ші бағанда жеткізушіге жіберілген сатып алу туралы шартты бұзу туралы немесе оны сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған деп тану туралы хабарламаның деректемелері көрсетіледі (№ 192 Сатып алу қағидаларының 176-тармағы 2) тармақшасының негізінде жеткізуші шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда жеткізушінің хат деректемелері көрсетіледі)
12-бағанда бұзушылықты тіркеу күні (шартты бұзу күні немесе оны шарт жасасудан жалтарған деп тану туралы әлеуетті жеткізушіге хабарлама жіберу күні немесе № 192 Сатып алу қағидалардың 176-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда өнім берушінің хатының күні көрсетіледі)
* көрсетілген күн № 192 Сатып алу қағидаларының 6-2 тармағына сәйкес екі жылдық кезеңді есептеу нүктесі болып табылады
13-бағанда жеткізуші туралы ақпаратты тізбеге енгізген тапсырыс берушінің орындаушының тегі, аты-жөні, телефоны көрсетіледі.

Зияткерлік меншіктің барлық құқықтары «ҚҰБ ЦДО» АҚ-на тиесілі.
Көшірмелерді таратуға құжатты әзірлеушімен келісім бойынша жол беріледі.